

**БАЛАБАҚШАЛАР МЕН МЕКТЕПТЕР АШЫЛАДЫ**

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



**ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖАРЫСЫ**

4-БЕТ | БІЛІМ



**ҚЫСПАҚТА ЖЕГЕН ҚҰРТТЫҢ ДӘМІ**

5-БЕТ | ҚОҒАМ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.*

**Ахмет Байтұрсынұлы**

№68 (4812)
Бейсенбі
12 маусым
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Елорда шежіресі 35 жыл



## 7 МИЛЛИОН БАЛАҒА АҚША АУДАРЫЛДЫ

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы ресми түрде 2024 жылдың 1 қаңтарында басталды. Оның шеңберінде 2006 жылдан бастап туған әрбір балаға Ұлттық қордан жыл сайын қаражат аудару көзделген.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып жатқан жобаны Үкімет Қаржы министрлігі арқылы іске асырады және Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестиция табысының 50%-ын балалардың 18 жасқа толғанға дейінгі арнайы жинақтаушы шоттарына мерзімінен бұрын алу құқығынсыз аударып отырады. Жинақталған қаржыны тұрғын үй сатып алуға және білім алуға пайдалануға болады. Қаржы министрлігінің мәліметінше, өткен жылы бағдарламаға 6919131 адам – 2006 жылдан 2023 жылға дейін қоса алғанда туған балалар қатысты. Олардың әрқайсысына $100,52 есептелді. 2025 жылы қатысушылар саны 6921035 балаға дейін өсті, оның 324430-ы биыл 18 жасқа толады, ал есептеулер $129,38 құрады.

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Василий КРАСЬ



3

# ЖАСТАР ТАЗАЛЫҚТЫ ҚАЛАЙДЫ

Елордада «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық акциясы аясында тазалық жұмыстары үзіліссіз жүргізіліп келеді. Бұл науқанда әсіресе жастар қауымы белсенділік танытуда. Сондай-ақ «Жасыл ел» еңбек жасақтарының қатысушылары бас қаланы көгалдандыру жұмыстарына көмек көрсетуде.

## ӘЛЕМ КУБОГЫ – АСТАНАДА

30 маусым-6 шілде аралығында Астана қаласы бокстан әлем кубогының кезекті кезеңін қабылдайды. Жарыс Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында өтеді.

Бұл турнир World Boxing ұйымының үш кезеңнен тұратын жарыс сериясына кіреді. Қазақстан бокс федерациясының мәліметінше, елордада өтетін байрақты бәсекеге әлемнің 40-қа жуық елінен үздік боксшылар келетіні айтылады. Әлем кубогының алғашқы кезеңі сәуірде Бразилияның Фос-ду-Игуасу қаласында өткен. Ал әлем кубогының үшінші шешуші кезеңін Үндістан қабылдайды. Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Қайрат Сатжанов бұл сайыста ел намысын бірінші нөмірлі боксшылар қорғайтынын мәлім етті.




## ТҮНДЕ ЭКСПРЕСС-МАРШРУТТАР ЖҮРЕДІ

Қазақстанның ірі қалаларында туристердің жайлылығы мен қауіпсіздігін арттыру мақсатында әуежайлар мен қала орталығы арасында түнгі экспресс-маршруттарды іске қосу жоспарланып отыр. Бұл туралы Үкімет отырысында Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов мәлім етті.

Бүгінгі таңда елімiздегі ірі қалаларда заңсыз такси қызметтері өзекті мәселеге айналып отыр. Осы жағдайға байланысты туристердің қауіпсіздігін сақтау үшін Астана, Алматы, Шымкент және басқа да бірқатар қалада түнгі уақытта жүретін экспресс-автобустар іске қосылмақ.

«Халықаралық әуежайларда QR-код жүйесі енгізілді. Онда сенімді такси, қонақүйлер, электронды SIM-карталар мен туристік нысандар туралы ақпарат көрсетіледі. Әкімдіктер бұл жұмысты тұрақты түрде қадағалап, түсіндіру жұмысын жүргізіп отыруы керек. Қажет болса, заң бұзушыларға қатысты жауапкершілікті күшейту мүмкіндігі де қарастырылуы қажет. Сондай-ақ ірі халықаралық қалалардағы секілді түнгі уақытта әуежайдан қала орталығына автобус қатынасы жоқ. Бұл мәселені шешу үшін түнгі экспресс-маршруттарды іске қосу ұсынылып отыр» делінген Үкімет хабарламасында.

№68 (4812) 12/06/2025 Бейсенбі



# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Президент ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы, Финляндияның Сыртқы істер министрі Элина Валтоненді қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымды аймақтық және жаһандық қауіпсіздік саласындағы күрделі кезеңде басқарып отырған Элина Валтоненнің қызметіне қолдау білдірді.

– Биыл біз Хельсинки қорытынды актісінің 50 жылдығын атап өтеміз. Жарты ғасыр өтсе де, бұл құжат егемендік, аумақтық тұтастық және адам құқықтарын құрметтеу қағидаттарын бекіте отырып, еуропалық қауіпсіздіктің негізі болып қала бермек. Қазақстан осы құндылықтарды берік ұстанады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазақ-фин байланыстарының жай-күйіне жоғары баға берді. Финляндияны Астананың Скандинавия аймағындағы бұрыннан келе жатқан серіктесі деп атап, қарым-қатынасты одан әрі жандандыруға әзір екенін мәлім етті.

Өз кезегінде Элина Валтонен ЕҚЫҰ Қазақстанмен және Орталық Азиямен байланысты дамытуға баса мән беретініне тоқталды.

– Қазақстанның халықаралық аренадағы абыройын бекітуге үлкен күш-жігер жұмсап отырсыз. Соның арқасында еліңіз өзін аймақта және әлемде ықпалды орта держава ретінде танытты. Қазақстан ЕҚЫҰ секілді ұйымдардың жұмысына белсенді атсалысу арқылы жаһандық деңгейдегі беделін нығайта береді. Біз Сіздің қазіргідей күрделі кезеңдегі, әсіресе, экономика және экология салаларындағы қызметіңізді жоғары бағалаймыз. ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалық кеңсесімен ынтымақтастық айтарлықтай табысты дамып келеді, – деді ЕҚЫҰ-ның іс басындағы төрағасы.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы Финляндия Президенті Александр Стуббқа сәлем жолдап, екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту үшін тығыз ықпалдастыққа дайын екенін растады.

# ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАСТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Словакия Премьер-министрі Роберт Фицомен келіссөз жүргізді.



Ақордада елімізге ресми сапармен келген Словакия Премьер-министрі Роберт Фицоны салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Роберт Фицо бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң, Қазақстан мен Словакияның мемлекеттік әнұрандары шырқалды.

Президент шағын құрамдағы келіссөз барысында Премьер-министрдің елімізге жасаған сапары қазақ-словак серіктестігін нығайтып, екіжақты қатынастардың жаңа кезеңіне жол ашатынын атап өтті.

– Қазақстан мен Словакияны тығыз ықпалдастық байланыстырады. Біз ірі жобаларды жүзеге асырып жатырмыз. Дегенмен тиісті деңгейде зерделеп және болашақта қолға алатын жаңа бағыттар бар деп ойлаймын. Сондықтан Сіздің бұл сапарыңызға ерекше мән береміз, сондай-ақ екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді деген сенімдеміз. Сіздің еліңізбен қарым-қатынасты жоғары бағалаймыз және Словакияны Қазақстанның Еуропа Одағындағы негізгі серіктестерінің бірі санаймыз. Сол себепті мен Президент ретінде мемлекеттеріміз арасындағы ықпалдастықты түрлі салада кеңейту үшін бар күш-жігерімді саламын, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Словакия Премьер-министрі қос елдің қарым-қатынасына тың серпін беруге және Қазақстанмен сауда-экономикалық ынтымақтастықты өрістетуге дайын екенін жеткізді.

– Жоғары Мәртебелі Президент мырза, қонақжайлық танытқаныңыз үшін зор ризашылығымды білдіремін. Елдеріміздің саяси ұстанымында алшақтық жоқ екенін растаймын. Сондықтан өзара тиімді экономикалық байланыс пен достыққа баса мән беруіміз керек. Бүгін біз қос тарапқа да қызықты әрі маңызды бірнеше жобаны талқылаймыз. Бұл сапарымның қорытындысы табысты болатынына сенімдімін, – деді Роберт Фицо.

Шағын құрамдағы кездесуден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Роберт Фицо келіссөзді екі ел делегацияларының қатысуымен жалғастырды. Мемлекет басшысы Словакияны Қазақстанның Еуропадағы маңызды әрі сенімді серіктесі ретінде атады. Келіссөз барысында тараптар қазақ-словак байланысын дамытуға ықпал ететін серіктестікті одан әрі нығайтуға, жаңа бастамаларды іске асыруға бейіл екенін растады.

# ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ЖЕТІЛДІРЕДІ

Парламент қаржы нарығын реттеуді жетілдіру туралы заңды бекітті.

Парламент Мәжілісі «Кейбір заңнамалық актілерге қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» заңында Сенаттың жаңа редакцияда ұсынған жекелеген баптарымен келісті.

Сенат енгізген түзетулер қаржы нарығын реттеуді жетілдіруге және алаяқтыққа қарсы іс-қимылға бағытталған.

– Бұл тұрғыда ұялы байланыс операторларына алаяқтыққа қарсы ішкі жүйелерді құру және рұқсат етілмеген трафикті бұғаттау міндетін енгізу ескерілген. Мұнымен қоса, ұялы байланыс операторларына алаяқтық қоңыраулар жасалған абоненттік нөмірлерді бұғаттау және олар туралы ақпаратты ҚР Ұлттық банкінің Антифрод орталығына беру міндетін енгізу қарастырылған. Телефон нөмірінен алаяқтық әрекет анықталған кезде, осы абоненттік нөмірге байланыс қызметін көрсету тоқтатылады. Баяндалғанды ескере отырып, Мәжілістің Қаржы және бюджет комитеті Парламент Мәжілісіне Сенаттың өзгерістерімен және толықтыруларымен келісу ұсынады, – деді Мәжіліс депутаты Ерлан Стамбеков Палатаның жалпы отырысында.

Мәжіліс депутаттары осы ұсыныспен келісіп, дауыс берді.

# ОНЛАЙН САУДА ЕКІ ЕСЕ ӨСТІ

Соңғы үш жылда елімізде онлайн сауда екі есе өсіп, 2 млрд АҚШ долларынан асты. Бұл туралы Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев мәлім етті.

– Электронды коммерция отандық және халықаралық маркетплейстер, шағын және орта бизнес үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен қатар еліміздің экспорттық әлеуетін кеңейтіп, жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілетті арттырады. Біздің министрлік экспортты қолдау саясатын жүйелі жүргізіп келеді, біз отандық компанияларға аналитикалық және стратегиялық қолдаудан бастап, құқықтық және маркетингтік консультация береміз, – деді Арман Шаққалиев елордада өтіп жатқан EXPO Goods Central Asia алғашқы халықаралық форум-көрмесінде. Министрдің айтуынша, ведомство қазақстандық экспорттаушыларға шетелден серіктес табуға, халықаралық көрмелер мен сауда-экономикалық миссияларға қатысуға жан-жақты жәрдемдеседі.

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҚАРҚЫНЫ АРТТЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының болжамды деректеріне сәйкес, еліміздің 2025 жылғы қаңтар-сәуірдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала қорытындылары жарияланды.

Биылғы төрт айдың қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі 6%-ды құрады. Экономиканың негізгі салаларында: көлікте (22,4%), саудада (7%) даму қарқынының артқаны байқалады. Өсім ауыл шаруашылығы (3,9%) және байланыс (2,6%) салаларында да тіркелді.

Көлік саласындағы өсім саланың жалпы көлеміндегі үлестері тиісінше 20,5% және 19,6%-ды құрайтын теміржол және құбыр көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтер көлемінің ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді. Жоғары динамика Түркістан (21,8%), Жамбыл (11,2%) және Абай (14,9%) облыстарында тіркелді.




Құрылыс саласында нақты жұмыс көлемінің индексі 16,2%-ды құрады. Сонымен қатар құрылыс кезеңін ескере отырып, жұмыстарды орындау қарқынын арттыру және жобалар құнының өсуіне жол бермеу үшін жергілікті жерлерде қажетті үйлестіруді қамтамасыз ету тапсырылды.

Сауда саласы бірінші тоқсандағы 6,3%-ға қарағанда 7% тұрақты өсуді көрсетті. Көтерме сауда көрсеткіші 7,4%-ға, бөлшек сауда көрсеткіші 6,1%-ға дейін өсті. Бірқатар өңірлер: Түркістан облысы – жемістерді, көкөністерді, фармацевтикалық тауарларды сататын кәсіпорындар есебінен 60,4%; Ақмола облысы – астықты, тұқымдарды және мал азығын сататын кәсіпорындардың арқасында 44%; Шымкент – дизель отынын, фармацевтикалық тауарларды, қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарды сататын кәсіпорындар есебінен 19,8%-ға жоғары өсімді көрсетті.

Өнеркәсіпте өндіріс индексі 6,4% жетті. Өсім тау-кен секторында – 7,1%, атап айтқанда, көмір өндіруді ұлғайту есебінен (11,2%) байқалып отыр. Өңдеу өнеркәсібінде көрсеткіш 7,2% құрайды, оның ішінде тамақ өнімдерін өңдеу (12%), темекі өнімдерін (26,3%), химиялық өнімдерді өндіру (11,2%) және машина жасау (11,2%).

Ауыл шаруашылығы оң динамиканы көрсетуде. Жалпы өнім индексі қаңтар-сәуір айларында 3,9%-ды құрады.

Үкімет Президенттің еліміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларының сапалы іске асырылуын бақылауда ұстайды.

# БАЛАБАҚШАЛАР МЕН МЕКТЕПТЕР АШЫЛАДЫ

Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің Instagram парақшасында мәлімдеді. Оның жазуынша, қалада әлеуметтік нысандардың құрылысына ерекше назар аударылады.



«Олар – мектеп, балабақша, оқушылар сарайы, медициналық мекеме және тағы басқа. Мәселен, елордада 2017 жылдан бастап мемлекеттік балабақшалардың құрылысы тоқтап қалды. Ал оны біз қайта жандандырдық. Көптеген жүйелі жұмыс жүргіздік: алғашқы жер телімдерін белгіледік, инженерлік желілерді, басқа да қажетті инфрақұрылымдарды дайындадық.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбеновпен бірге құрылысы жүріп жатқан бірқатар әлеуметтік нысанды араладық. Биыл 11 балабақшаны пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Олар – жергілікті бюджет есебінен 1500 орындық 5 балабақша, жеке инвестиция есебінен 1094 орындық 4 балабақша, тұрғын үйлердің бірінші қабатында 185 орынға есептелген балабақша, сондай-ақ 120 орындық жаңғыртылған ғимарат. Аталған балабақшаларда 2899 орын ашылады» деп жазды ол.

Сонымен қатар елордада жаңа оқу жылында тағы 15 мектеп ашылады.

«Өткен оқу жылында 24 оқу орнын салып, қолданысқа бердік. Оның 16-сы – «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында. Әлеуметтік нысандарды салуға да жеке қаражат тартамыз. Осылайша, елордамыз әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға баса назар аудара отырып, дамып жатыр. Мысалға алар болсақ, осыған дейін қалада бірқатар газ жылыту станциясы, ауыз су станциясы (3-ССС) салынды. Сол сияқты «Арай» электрлі қосалқы станциясы, «Тельман» ГЖС, кәріз желілері, т. б. салынып жатыр. Аталған тіршілікті қамтамасыз ету нысандары қаланы жылумен, сумен, электр энергиясымен қамтамасыз етеді» деп жазды Жеңіс Қасымбек.



# АСТАНА БЮДЖЕТІ 98 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕГЕ ҰЛҒАЙДЫ



Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында ел астанасының дамуына қатысты бірқатар маңызды мәселе қаралды. Астананың 2025 жылға арналған бюджетіне өзгерістер енгізілді және атаусыз көшелердің біріне тарихи тұлғаның атын беру туралы ұсыныс бірауыздан мақұлданды.

**Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**

Алдымен Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп Астанадағы атаусыз көшелердің біріне армян әліпбиінің негізін қалаушы, ағартушы, тарихи тұлға Месроп Маштоцтың атын беру туралы ұсыныс жасады.

«Бұл – Мемлекет басшысының былтырғы Армения Республикасына сапары аясында Ереван қаласындағы саябаққа Абай Құнанбайұлының атын беру туралы және Астана көшелерінің біріне армян әліпбиінің негізін салушы Месроп Маштоцтың атын беру туралы уағдаластық негізінде туған бастама» деп түсіндірді ол.

Кеңес мүшелері ұсынысты бірауыздан қолдады. Жаңа атау «Астана Арена» мен «Сарыарқа» велотрегі арасындағы көшеге беріледі.

Қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Айжан Түгелбаева Астана қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджетіне енгізілетін өзгерістер бойынша баяндама жасады. Оның айтуынша, бюджет шығындарының көбеюіне экономиканың өсуі мен салық түсімдерінің артуы себеп болған. Соның нәтижесінде елорда бюджеті 98 миллиард теңгеге көбейіп, оның 80 миллиарды салықтан түсетін табыстар арқылы қамтамасыз етілмек.

Бюджеттегі қосымша қаражаттың басым бөлігі инфрақұрылымға бағытталады. Атап айтқанда, 67 миллиард теңге (немесе барлық қаржының 68 пайызы) жылу және электр желілерін жаңарту, су тарту, кәріз жүйелерін салу, жол және көлік жобаларын іске асыруға жұмсалады. Мәселен, Н.Тілендиев пен Ш.Бейсекова көшелерінің қиылысында көлік айырығы салынады, қала шетіндегі жаңа тұрғын үй алаптарында жолдар мен инженерлік желілер тартылады, жаңа мектептер мен олардың қосымша ғимараттары салынып, 7200 оқушыға арналған орын пайда болады және оқушылар сарайының құрылысы қолға алынады.

Өндіріс тұрғын алабында су және кәріз жүйелері жүргізіледі, Үркер ауданында инфрақұрылым жаңартылады. Электрмен жабдықтау бойынша «Арай» қосалқы станциясы іске қосылып, Тұран даңғылының оңтүстігіндегі жаңа құрылыстар тұрақты жарықпен қамтылады.

Айта кетейік, әлеуметтік сала да назардан тыс қалмайды. Әлеуметтік бағыттарға қосымша 21 миллиард теңге бөлінеді. Бұл қаржы әлеуметтік көмектерді төлеуге, ауруханаларға заманауи диагностикалық құрал-жабдықтар алуға, мұғалімдердің жалақысын төлеуге, білім нысандарын жөндеуге және спорт мектептерін қаржыландыруға жұмсалады.

Денсаулық сақтау саласына келсек, биыл 3 денсаулық сақтау мекемесі, 6 мектеп және 5 балабақша күрделі жөндеуден өтеді. Аулалар мен қоғамдық кеңістіктер жаңарады. Ал абаттандыру жұмыстарына қосымша 11 миллиард теңге бөлінді.

Мемлекеттік қаржымен қатар, жеке инвесторлар да елорданың дамуына үлес қосуда. Тек 2025 жылдың алғашқы төрт айында ғана кәсіпкерлер 508 миллиард теңге инвестиция құйған. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 35 пайызға көп.

Қорыта айтқанда, Астана бюджетінің ұлғаюы – қаланың дамуына серпін беретін маңызды қадам. Қаржының нақты жобаларға бағытталуы қала тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға әсер ететіні сөзсіз.

# БАСПАНА БЕРІЛДІ

Бас қалада болған автобус апатында аяғынан айырылған қыздың отбасына әкімдік тарапынан төрт бөлмелі пәтер берілді.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Астана қаласының әкімдігі жеке демеушімен бірлесіп, отбасыға елордадағы жаңа тұрғын үй кешенінен төрт бөлмелі пәтердің сертификатын табыстады. Тұрғын үй кешені биыл қазан айында пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, құрылыс компаниясы пәтерді жөндеу және жабдықтау жұмысына да көмек көрсетеді» делінген хабарламада. Осыған дейін зардап шеккен отбасыға көрсетілетін өзге де қолдау шаралары туралы хабарланған болатын.

# АЛҒАШҚЫ LRT ҚҰРАМЫ КӨТЕРІЛДІ



№101 станцияда екі вагоннан тұратын жеңіл рельсті көлік (LRT) құрамын көтеру жұмысы сәтті жүргізілді. Елорда әкімдігінің мәліметінше, құрамды көтеру, барлық техникалық және қауіпсіздік талаптарын сақтай келе, штаттық режимде өтті.

Құрамды көтеру – LRT жүйесін салу аясындағы жоспарлы шаралардың бір бөлігі. Вагондар станцияда 2025 жылғы қыркүйекке жоспарланған сынақтық іске қосу жұмыстарына дейін тұрады.

«LRT жобасын іске асыру – заманауи қалалық көлік инфрақұрылымын дамытуға, тұрғындардың мобильділігі мен жайлылығын арттыруға бағытталған. Алғашқы құрамды көтеру – жобаны жүзеге асырудағы маңызды кезең. Біз жұмыс кестесіне сай алға жылжып келеміз, алдағы күзде LRT жүйесінің сынақ жұмысын бастаймыз» деді «City Transportation Systems» ЖШС басқарма төрағасы Асылбек Дүйсебаев.

# ЖАСТАР ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ ӨТКІЗДІ

Астана қаласының Байқоңыр ауданында студенттік құрылыс және жастар жасақтарының республикалық қозғалысы «Таза сәрсенбі» атты экологиялық акция өткізді. Шара «Таза Қазақстан» ұлттық бастамасы аясында ұйымдастырылып, оған Жастар саясаты мәселелері басқармасы мен Байқоңыр ауданы әкімдігінің аппараты қолдау көрсетті.

Акцияның басты мақсаты – жастар арасында экологиялық мәдениетті арттырып, табиғатқа жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу. Шара кезінде саябақтар, демалыс аймақтары, өзен-көл жағалаулары тазартылып, абаттандырылды.

– «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының XXI жазғы маусымы басталды. Биыл елорда бойынша 14-35 жас аралығындағы 5200-ден астам жас жұмыспен қамтылады. Олар құрылыс нысандарында, қала маңындағы «жасыл белдеуде», мектептер мен әлеуметтік нысандарда, саябақтар мен көгалдандыру жұмыстарында еңбек етеді, – дейді акция ұйымдастырушылары.

Елордалық 100-ден астам жас сарбаз сенбілікке қатысып, қала аумағын тұрмыстық қоқыстар мен пластикалық қалдықтардан тазартты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жастар «Жасыл ел» бағдарламасына белсенді қатысуда әрі мұндай экологиялық шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.




Сұлтан СЕЙІТ

# ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖАРЫСЫ

Жақында елордада кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары арасында WorldSkills Astana-2025 кәсіби шеберлік бойынша X өңірлік чемпионаты аяқталды. Негізгі мақсат – жұмысшы мамандарының беделін арттыру, еңбек адамының имиджін насихаттау және жастардың кәсіби білігін шыңдау. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін чемпионатқа биыл 50 құзыреттілік бойынша 350 студент қатысты. Қаладағы 15 колледж қабырғасында ұйымдастырылған чемпионат барысымен біз де танысып қайттық.

Индира БЕРЖАНОВА

### КӘСІПКЕ ЖАСЫНАН МАШЫҚТАНАДЫ

Халықаралық деңгейде өтетін WorldSkills чемпионатына қатысып, әлемдік додада көріну үшін астаналық студенттер барын салды. 16 мамырда басталған жарыс 30-ына дейін созылды. Чемпионат құрылыс, инженерия, темір жол көлігін басқару, кузов жөндеу, мехатроникадан бастап, веб-технологиялар, графика дизайны, интернет-маркетинг, мейрамхана қызметі, аспаздық және кондитерлік өнімдер, педагогика мамандықтарын қамтыды.

Кәсіптік-техникалық білім беру ошақтарындағы жұмысшы мамандықтары бойынша сайыстың барысымен танысу үшін алдымен елордадағы Технологиялық колледжге бардық. Мұнда 20-дан астам студент «Сән технологиясы», «Шаштараз өнері» және «Наубайхана ісі» құзыреттілігі бойынша қатысты. Колледждің оқу-өндіріс жөніндегі директордың орынбасары Байжігіт Болысханұлының айтуынша, жыл сайын чемпионатқа қатысушылар саны артып келеді.

– Биылғы WorldSkills қалалық чемпионатында «Наубайхана ісі» құзыреттілігі бойынша 4 колледжден 6 қатысушы сайысқа түсті. Студенттер 7 модуль негізінде тапсырма орындап, 7 түрлі тағам әзірледі. Олар: француз багеті, канноли, круассанның екі түрі, бәліш, қарақұмықтан жасалған нан және нан өнімдерінен жасалған өнер туындысы. Қатысушыларды сарапшылар санитарлық нормалардың сақталуы, уақытында үлгеруі және өнімдерді жасарда белгіленген стандарттарды сақтауы бойынша бағалады. Білім алушылардың дайындығы жылдан-жылға артып келеді. Бұл чемпионат студенттерге өз мамандығын жетік меңгеруге септеседі. Алдымен студенттер колледжішілік, одан кейін қалалық, республикалық және халықаралық кезеңдерде сайысады. Яғни студент өзінің кәсіби деңгейін сатылап көтере алады. Маман жас, бірақ шебер болса, оған деген сұраныс жоғары болары анық. Өндіріске жұмысшы мамандары қашанда қажет. Былтыр колледж студенттері қалалық және республикалық байқаудың жеңімпазы атанып, енді Данияда өтетін EuroSkills-2025 халықаралық чемпионатына қызу дайындық үстінде. Чемпионатқа қатысқан әр студент нарықта білікті маман атануы сөзсіз. Олар осы бастан-ақ еңбекке ерте араласып, техникалық жабдықтардың тілін түсініп барады. Кәсіптік білім беру саласында чемпионат жоғары бағаланып келе жатқаны қуантады, – деді Б.Болысханұлы.

Аталмыш колледжде өткен құзыреттіліктердің ішінде түрлі шаш үлгісін жасайтын студенттердің жұмысын көрдік. Шаш өнері – қоғамда елеусіздеу кәсіп көрінгенімен, арнайы мамандануды талап ететін сала. Мұны сөз барысында айтқан технологиялық колледждің «Шаштараз-стилист» мамандығының II курс студенті Наргиза Болатбай чемпионатқа ұзақ уақыт дайындалғанын жеткізді. Нәтижесінде студент II орынды еншіледі.



– Бұл құзыреттілік бойынша 6 студент болып қатыстық. Өз басым сайысқа I курстан бері дайындалып келемін. Бұл – менің алғаш қатысуым, сондықтан, әрине, жүлделі орыннан көрінсем деймін. Екі күн бойы өзге студенттермен бірге тартысты сайыс өтті. Бірінші күні шаш алып, оны боясақ, жарыстың екінші күні ер мен әйелдерге арналған түрлі шаш үлгісін жасадық. Мұның барлығын колледж қабырғасында оқыдық. Сол себепті өзімнің қабілетім мен алған біліміме сенімдімін. Қатысушылар да белсенді, барлығымыздың деңгейіміз бірдей десем болады. Өз таңдауымнан мен қателескен жоқпын. Алдағы уақытта кәсіби білігімді арттырып, жеке сән салонымды ашсам деймін. Осы жолда WorldSkills чемпионаты – студентті шыңдауға, әрі қарай кәсіп ашып, оны дөңгелетуге таптырмас мүмкіндік, – деді студент.



### ӨНДІРІСКЕ МАМАНДАР ҚАШАНДА ҚАЖЕТ

Ендігі кезекте бізді сантехника және жылыту, құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары секілді жұмысшы мамандықтарымен бірге, нарықта өз орны бар графика дизайны, веб технология, визуалды мерчандайзинг, мобильді робототехника атты заманауи мамандықтардың жұмысы қызықтырды. Бұл бағыттағы жалпы 8 құзыреттілік «Astana Polytechnic» жоғары колледжі базасында өтіп, оған 23 студент қатысты. Оның ішінде «Сантехника жылыту» құзыреттілігі жұмысымен 8 жылдан астам еңбек өтілі бар колледж оқытушысы Ержан Маратұлы таныстырды. Бұл құзыреттілікке I-II курстың 5 студенті қатысты. Студенттер үшін негізгі тапсырма – жер үйлердің жылу жүйесін орнату жұмысын төрт модуль негізінде орындап шығу. Алғашқы модуль 2,5 сағатқа созылса, екінші модульге 9 сағаттай уақыт берілді.

– Тапсырмалардың ұзаққа созылғанының негізгі себебі – жылу жүйесін екі деңгейде сапалы орындау. Әр модуль белгілі бір бағытқа жауап береді. Олар – ыстық және суық сумен қамту, ушжүрісті кран мен циркуляциялық сорғыны орнату, үйішілік газ құбырларын іске қосу. Төртінші модуль – шығармашылық жұмыс, мұнда жылдамдық, уақыт және орындалу сапасы сынға алынады. Тапсырмалар, әрине, оңай емес. Дегенмен қатысушылар күрделі жүйені құрастыруға тырысып, қалалық деңгейде бағын сынап, мол тәжірибе жинады. Мысалы, студенттер бір-екі жыл көлемінде алған білімін небәрі екі күн ішінде іс жүзінде дамытып, көрсете алды. Төрт модуль қорытындысынан соң үздік студенттермен әрі қарай республикалық чемпионатқа дайындаламыз. Құзыреттілік тапсырмаларын екінің бірі орындай алмайды, әр іс қырағылықты қажет етеді. Психологиялық тұрғыдан да студент жылдам шешім қабылдап, барлық жағдайда жауапкершілік танытуы тиіс. Жұмысшы мамандығына жастар өз қалауымен келіп жатады. Алайда сантехник мамандығы бойынша жұмысқа орналасу бағыты әлі де ақсап тұр. Нарықта жұмыс берушілер жас мамандарға қолдау білдіріп, кәсіби білімі бар ұрпаққа мүмкіндік берсе деймін, – деді Е.Маратұлы.

Колледж қабырғасындағы «Мехатроника» құзыреттілігі бойынша сайысқа қатысушылардың қатарындағы аталмыш колледждің II курс студенті Станислав Чижиков байқауда жеңіске жетіп қана қоймай, жаңа тәжірибе жинақтасам деген мақсатпен келгенін айтты. Бұл құзыреттілік бойынша студенттер көлік қорабы мен қозғалтқышты бөлшектеу, электр жабдықтарындағы ақауларды анықтап, оларды жөндеу бойынша тапсырмалар орындады. Студент автокөлік жөндеу мамандығы қашанда сұранысқа ие болатынын айтып, болашақта жеке автосервис орталығын ашсам деген арманымен бөлісті.

### ЖАСТАРҒА БІРЕГЕЙ МҮМКІНДІК

Келесі барған бағытымыз – елорданың Құрылыс-техникалық колледжі. Мұнда «Кескіндеме және сәндік жұмыстар», «Электрмонтаж», «Ағаш ұстасы», «Кірпіш қалау», «Шанақ жөндеу», «Плиткамен қаптау» және «Жиһаз өндірісі» құзыреттіліктері бойынша тартысты сайыстың куәсі болдық. Темірден түйін түйіп, ағаш жонған жас ісмерлер қатары көп болды. Солардың бірі – «Электрмонтаж» құзыреттілігі бойынша сайысқа түскен Хамит Аллажар. Аталмыш колледждің III курс студенті түрлі үйлердің шлагбауымын әзірледі. Бала кезінен армандаған саласына түскен ол алдағы уақытта өз мамандығы бойынша жұмысын жалғастырмақ. Сайыс қорытындысы бойынша студент I орынды иеленді.

Колледждің өндірістік оқыту шебері, 15 жыл еңбек өтілі бар Гульзада Елубаеваның айтуынша, жастар білікті еңбек адамы атануға қызығушылық танытып келеді.

– Чемпионат – жастардың білімі сыналатын алаң ғана емес, жұмысшы мамандықтары бойынша жан-жақты шыңдалуға, жаңа орта табуға таптырмас мүмкіндік беретін дода. Бұған дейін студенттеріміз қалалық кезеңнің жеңімпазы атанып, республикалық деңгейде де бой көрсетті. Чемпионатқа қатысып жатқан студенттерімді біршама уақыт дайындап, теория мен практиканы қатар оқыттым. Құрал-саймандарды дұрыс қолдану, қабырға бетіне гипс сылақтарды орнату, сызбаларды түсіну секілді дағдыларды осы бастан-ақ жақсы меңгере алды. Қазірдің өзінде студенттер сабақ оқумен бірге, жұмысқа араласып, 250 мыңнан жоғары жалақысы бар маман атанып отыр. Такси не тамақ өнімдерін жеткізушіге қарағанда, нақты бір саланың маманы болғаны әлдеқайда артық. Біздің студенттерге еңбек нарығында жұмыс табылары анық деп сеніммен айта аламын. Осы бағытта да біз барынша қолдау білдіріп, бар білгенімізді үйретіп келеміз, – деді Г.Елубаева.





# ҚЫСПАҚТА ЖЕГЕН ҚҰРТТЫҢ ДӘМІ

Елімізде жыл сайын 31 мамырда Саяси қуғын-сүргін және аштық құрбандарын еске алу күні аталып өтеді. Бұл – тоталитарлық режимнің құрбаны: жазықсыз жапа шегіп, отсыз-сотсыз бір оқтық болғандардың, әділетсіз айыпталып, жер аударылып, түрмеде торылғандардың және аштықтан өлгендердің тағдырын тірілердің есіне салатын күн.

**Айгүл УАЙС**

Өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастап большевиктер елімізді өздерінің қолайына келмегендерді қамайтын қапасқа, бүтін халықтарды жер аударатын азап лагеріне айналдырды. Солардың қатарында немістердің мехнатын айтуға болады. Әртүрлі бағалаулар бойынша 1937-1938 жылдары «фашистер», «халық жаулары», «диверсанттар», «тыңшылар» деген айыппен 69-73 мың неміс, олардың шамамен 40-41 мыңы ұлттық белгілері, яғни неміс болғаны үшін сотталды. 1939 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда 92571 неміс жасап, жалпы саны бойынша жетінші орынды иеленген екен.

Деректер бойынша бүгінде айналасына ел қонып, егемен еліміздің елордасына айналған Астанаға дейінгі Целиноград қаласында немістердің алғашқы жиыны ашылып, үмітті де үрейлі кездерді бастан кешкенін білеміз.

Егер тереңірек бойласақ, 1989 жылы наурызда советтік немістердің қоғамы «Wiedergeburt» құрылады. Ұлт болашағына қатысты көптеген міндеттер мен мақсаттарды алға қойған ұйым одақтас республикаларда немістердің этникалық өзін-өзі сақтауын қамтамасыз ету, ұлттық мәдениет пен ана тілін сақтау және дамытуды алға қояды. Қазақстандағы «Wiedergeburt» қозғалысының қалыптасуы мен дамуына жазушы Герольд Бельгер, қоғам қайраткерлері Анатолий Визе, Иван Шарф, Вилли Мунтаниол, Александр Дамлер, Виктор Кист, ғалымдар Эрвин Госсен және Эрнст Бус, көрнекті әнші Эльвира Мут, аты аңызға айналған жаттықтырушы Эдуард Айрих және тағы басқалар белсене қатысты.

Осындай белгілі тұлғалардың ықпалымен КСРО Жоғарғы Советінің декларациясында, 1944 жылғы 28 тамыз күнгі Жоғары Совет Президиумы Қаулысының күші жойылды деп танып, кеңестік немістердің көкірегіне үміт ұялатты. Немістер сол тұстағы біртұтас Кеңес Одағының заңсыз тартып алған Волга бойындағы автономиялық республикасын қайта құру туралы өтінішін айтып, Орталық Комитетке жүгінген. Осы кезеңде КСРО Президентінің тасырмасымен неміс өкілдерімен кездесу өткізген СОКП Орталық комитетінің хатшысы А.Гиренконың: «Неміс республикасы Волга бойында және басқа жерде де жақын арада құрылмайды» деп нықтап айтқаны және соның ізінше сол тұстағы бас хатшы М.С.Горбачевтың Нижний Тагил қаласындағы жиында «Неміс автономиялық республикасы болған жерде қазір басқа адамдар тұрып жатыр, неміс халқының жағдайын шешіп, басқа халықтарға қиыншылық туғызуға болмайды» деген сөзі үкім болып қабылданады.

Осындай алаң көңілмен сол кезеңде Целиноград қалалық партия комитетінің акт залында КСРО немістерінің I съезі өтеді. Шығып сөйлегендер неміс халқының тілі құрып кетуге айналғанын, жастардың өз халқының мәдениетін білмейтінін, советтік неміс халқының болашағы күңгірт екеніне тоқталады. Биік мінберден қырық пен алпыс аралығындағы немістердің өз есімі мен әкесінің есімдері неге орысша болатынына мән бермей келгенін, оның астарында өткен жылдарда жапа шеккен аз халықтың өз ұлты мен есімін айтуға деген қорқыныш жатқанын ашына жеткізеді.

Съездің нақты дерегі «Ақмола ақиқаты» газетінің 7 наурыз 1991 жылғы санында жарық көрді. Сол жиынға алпыс адамнан бір адам қатысқанның өзінде 200-ден астам адам жиналған. Жиынға шығып сөйлегендер кеңестік немістердің болашағы күңгірт екенін түсінген. Бұл, әрине, немістердің келесі бір дүрбелеңнің бастауы деуге болады.

Газетіміздің ескі тігінділерін ақтарып отырып, тағы бір дерекке көзіміз түсті. 1993 жылы Ақмола мен Берлин арасында пойыз қатынасы ашылған екен. Газет бетіндегі қысқаша ақпаратта «елімізде тұратын миллионға жуық немістердің тарихи отанымен мәдени, экономикалық қарым-қатынас жасауы жақсаратыны анық» деп болжау жасапты. Дегенмен бұл пойыз немістердің Еуропаға қарай бет бұрған көшін бастаған сияқты. Өйткені бұрынғы тоталитарлық кеңістікте алмағайып заман орнап, тоқыраудан кейінгі қайта құрулардың аяғы экономикалық, әлеуметтік дағдарыстарға жеткізіп, бір сөзбен айтқанда, «тұрымтай түсымен» болған шақ еді.

Әрине, қапаста өткен күндерді мәңгі ұмытқысы келген халық үйінің кілтін маңдайшасына іліп, лек-легімен көшіп жатты. «Тар жерде табысқан кең жерде келіседі» дегендей, немістер қазақ халқының қамқор көңілін ұмытқан жоқ. Балаларының болашағы үшін баз кешіп, тіл, салт-дәстүрінен қол үзіп қалған кеңестік немістердің араға бірнеше ғасыр салып, ескі жұртына барғанда алдарында не күтіп тұрғанын бірі білсе, бірі білген жоқ. Жаңа жердің өзіндік қиындықтары болды.

Жақында немістердің Бавариялық мәдениет орталығы (BKDR) астаналық «Wiedergeburt» немістер қоғамымен тығыз ынтымақтастықта «Auf deutschen Spuren in Kasachstan» («Қазақстандағы немістердің ізімен») атты өткенді еске алып, тарихқа тағзым ететін арнайы сапарын ұйымдастырды. Олардың арасында алды отыз жылдан астам уақыт бұрын Германияға қоныс тепкен, бірақ туған жерімен байланысын үзбеген бұрынғы қазақстандық немістер бар. Қонақтар үшін бұл кездесу өздері туып-өскен жерімен қауышып, елде қалған туыстарының зиратына тағзым етіп, өткен күндерге қайта оралу болды. Олар өздерінің қазақ жерінде өткен өмір үзігіне, балалық немесе жастық шақтан естеліктерінде қалған қазақ жерінің құдіретін сезінді. Өсіп-өнген елдің бүгінгі келбетіне сүйсінді.



Әрине, бұл сапардың да ауыр естеліктерге тұнған сәттер көп болды. Әсіресе, АЛЖИР, КАРЛАГ-қа барған сапары сол ауыр сезімді қоюлатып, көбінің жүрегін толқытты деуге болады.

Сол күндері Долинка кентінде орналасқан саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау музейінің алдында Бавариялық мәдениет орталығы қонақтарының құрамымен келген 74 жастағы Лидиямен кездесіп қалдым. Лидия музейге кірместен алдындағы орындықта ұзақ отырды. «Соншама жерден келгенде неге музейді араламадыңыз?» деген сұрағыма: «мені көптеген естелік кернеп кетті. Әке-шешемнің, сол жылдары ес біліп қалған өзімнің басымнан кешкендерім еске түсіп толқып отырмын. Енді сол қиын-қыстау күндердің куәсімен, сол күннің дерегімен бетпе-бет келуге күшім жете ме, денсаулығым көтереді ме деп отырмын» деді. Өзінің басынан кешкен оқиғаларын тыңдап, қандай қиындықтарды еңсеріп, осы күнге дейін жеткенге дейінгі өмірінен хабардар болдым. Ақырында «Сіз музейді аралап, өткен тарихты өз көзіңізбен көруіңіз керек. Қаншама қиындыққа қарамай, небір сынақтарды бастан өткеріп, жастығыңыз өткен қазақ жеріне келдіңіз. Құдайға шүкір, өткеніміз музейде қалды. Сіз бұрын қапас болған мына музейдің табалдырығынан аттап, жеңгеніңізді сезініңіз. Мүмкін, өмірдің ауыртпашылықтарын, ауыр күндердің елесін осында қалдырып, жеңілдеп қаларсыз» деп жігерлендірдім.

Аздан соң Лидия бойына бар күшін жинап, музейге енді. Біраз уақыт өткенде қос жанары жасаурап, екі беті алаулап, айналасына мейірім төккен егде әйелді танымай қалдым. Өткеніне салауат, қиянатқа кешірім берген адамның жүзі. Қонағымыз кетерінде тағы бір естелігімен бөлісті. Германияға алғаш көшіп барғанда, осында соғыстан кейін түрмеде болған егде тартқан кісіні кездестіріп, оның адам төзгісіз жағдайда жүргенінде, аштықтан алып қалған құрт жайында құрметпен еске алғанын айтты. Менің де тұтқындарға тас болып атылған қасиетті құрт туралы жазылған жыр жолдары ойыма оралды:

*Дұшпан емес, мейір-көңіл*
*ұсынды,*
*Біз оларды, олар бізді*
*түсінді.*
*Айласының жеткенінше*
*қамқор боп,*
*Қайта оятты ажал жұтар*
*құсымды...*

# АНАЛАР БЕЛСЕНДІЛІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің «Әрекет алаңы» жобасы аясында және Астана қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIII сессиясына орай кеңейтілген отырысы өтті.



Отбасы және ата-ана мәдениеті институтын нығайту, әйелдердің көшбасшылығы мен қоғамдық белсенділігін дамытуға бағытталған бастамаларды қолдау жиынның басты тақырыбы болды. Аналар кеңесінің төрайымы Алтынай Тәңірбергенова бүгінгі іс-шара алғашқы рет ұйымдастырылып отырғанын және оның мән-маңызы жоғары екенін айтып өтті. Қатысушылар әділетті әрі тұрақты қоғам құрудағы әйелдердің рөлі туралы Inspirational Talks форматында пікір алысып, отбасылық құндылықтарды нығайту мен азаматтық қоғамды дамыту мәселелерін талқылады.

Жиында Аналар кеңесі, Астана қаласы әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Комиссия, Amanat партиясы Астана қалалық филиалының әйелдер қанаты, Әлеуметтік инноваторлар қауымдастығы, «Creative & Innovation Institute» Орталық Азияның орнықты даму Қоғамдық қоры, «Қазақстан психологтар Одағы» ЖКмЗТБ, «Ұлт қазынасы» ҚБ, бірлескен жағдайда ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл алдағы уақыттарда нақты келісімдерге, жобаларға және бастамаларға негіз болмақ.

– Қазақстан халқы Ассамблеясы – түрлі форматтағы диалогқа кең мүмкіндіктер беретін берекелі алаң» деп атап өткен Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсайынова өз сөзінде, «қала деңгейінде бейбітшілік пен келісім идеяларын ілгерілетуде халық қалаулыларының әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін тағы бір маңызды ресурс ретінде маңыздылығына тоқталды. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» КММ директоры Нұралы Айдашев, бүгінгі күннің толғақты мәселелерінің басты сұрақтарына жауап беріп, оларды жоғары деңгейде көтеріп, талқылайтын, шешім жолдарын ұсынатын орган – Аналар кеңесінің бастамашыл жобаларын қолдады.

# ЭКОЛОГИЯ – ЕРТЕҢГІ ЕМЕС, БҮГІНГІ МӘСЕЛЕ

Бүгінде әлем елдері дабыл қағып отырған маңызды мәселелердің бірі – экология. Бұл – болашақтың емес, бүгінгі күннің шұғыл шешімді қажет ететін проблемасы.



Кез келген мемлекеттің дамуы тек экономикамен өлшенбейді. Қоғамның өмір сүру сапасы табиғат пен қоршаған ортаның жағдайымен тікелей байланысты. Ауаның ластануы, судың тартылуы, орман-тоғайдың азаюы, қалдықтың көбеюі күн сайын адамзат алдында экологиялық жауапкершілікті арттырып отыр. Табиғат өз үнін жеткізіп жатыр, ал оған құлақ асу – әр адамның парызы.

Қазақстан да бұл мәселені айналып өте алмайды. Көптеген аймақтарда экологиялық ахуал алаңдатарлық. Жердің тозуы, өндіріс қалдықтарының бейберекет төгілуі, жасыл желектің азаюы нақты шараларды талап етеді. Жасыл экономика, қалдықты сұрыптау, энергияны үнемдеу сияқты бастамалар іске асқанымен, қоғамдық сана мен мәдениет әлі де жетіле түсуі керек.

Экология – тек ғалымдардың немесе биліктің емес, әр азаматтың жеке жауапкершілігі. Табиғатты сақтау – өз болашағымызды сақтау. Жерді күту – өз ұрпағымыздың амандығына жол ашу. Себебі экология – ертең басталатын емес, бүгін шешілмесе, кеш болатын мәселе.

**Сабина АЛИХАНОВА**

## АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

02.06.2025 №510-1586

# Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспарын іске асыру мақсатында Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

**Әкім Ж. Қасымбек**

**Астана қаласы әкімдігінің<br>2025 жылғы «02» 06<br>№510-1586 қаулысына<br>қосымша**

# Өзгерістер енгізілетін Астана қаласы әкімдігінің бұрын қабылданған қаулыларының тізбесі

1. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 4 карашадағы № 510-3382 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 18-жолға Ақтасова Биғали Серікұлы қосылсың;

«Жер учаскесінің орналасқан жері» деген бағанда:

реттік нөмірі 18-жолға «Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Сырдария көшесі, 39-үй, 1 пәтер» деген сөздер мен сандар қосылсың.

«Меншік иесі және жер пайдаланушы» деген бағанда:

реттік нөмірі 6-жолға Кожабекова Жанна Ныкановна, Кожабеков Талгат Амирханович қосылсың;

«Жер учаскесінің орналасқан жері» деген бағанда:

реттік нөмірі 6-жолға «Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Сырдария көшесі, №35 үй» деген сөздер мен сандар қосылсың.

2. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 197-2041 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 1 қарашадан 2024 жылғы 1 қарашаға дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 15 қыркүйектен 2026 жылғы 15 қыркүйекке дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

3. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 17 мамырдағы № 510-1459 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 13 мамырдан бастап 2025 жылғы 13 мамырға дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 15 қыркүйектен 2026 жылғы 15 қыркүйекке дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

4. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 510-2202 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 24 ақпаннан бастап 2025 жылғы 24 ақпанға дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 15 қыркүйектен 2026 жылғы 15 қыркүйекке дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

5. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 510-3918 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Жер учаскенің кадастрлық нөмірі» деген бағанда:

реттік нөмірі 41-жол «21-335-104-810» деген сандар «21-335-104-1450» деген сандармен ауыстырылсын;

«Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)» деген бағанда:

реттік нөмірі 41-жол «580» деген сандар «531» жер учаскесін алып қою ауданы «11» деген сандар мен сөздерге ауыстырылсын.

6. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 12 мамырдағы № 510-1636 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыдағы қосымшаға:

«Жер учаскенің кадастрлық нөмірі» деген бағанда:

реттік нөмірі 35-жол «21-318-073-184» деген сандар «21-318-073-352» деген сандармен ауыстырылсын;

«Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)» деген бағанда:

реттік нөмірі 35-жол «640» деген сандар «103» деген сандарға ауыстырылсын.

«Жер учаскесінің орналасқан жері» деген бағанда:

реттік нөмірі 35-жол «186Б» деген сандармен әріп «186Д» деген сандармен әріпке ауыстырылсын.

7. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 197-62 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыға қосымшада келесі мазмұндағы қосымшаға сәйкес реттік нөмірі бар жолымен толықтырылсын:

«

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер иелерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі | Меншік иесі және жер пайдаланушы | Жер учаскесінің ауданы (ш.м.) | Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.) | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Құқығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1686. | 21-319-005-353 | Кошелев Леонид Алексеевич | 600 | 600 | Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Мыржакып Дулатов көшесі, 11 үй | Жеке тұрғын үйді салу | 12.11.2024 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану |

»

8. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 510-3741 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2024 жылғы 12 тамыздан бастап 2025 жылғы 12 тамызға дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 15 қыркүйектен 2026 жылғы 15 қыркүйекке дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

9. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 1 маусымдағы № 510-1613 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы 2024 жылғы 13 мамырдан бастап 2025 жылғы 13 мамырға дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 15 қыркүйектен 2026 жылғы 15 қыркүйекке дейін» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

10. «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 197-2041 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармағындағы «2023 жылғы 1 қарашадан 2024 жылғы 1 қарашаға дейін» деген сандар мен сөздер «2025 жылғы 15 қыркүйектен 2026 жылғы 15 қыркүйекке дейін»деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

## АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

04.06.2025 №510-1618

# Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Энергетика басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Жылумен қамту магистральдық желіліері» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Қорғалжын тас жолы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 25,5049 га, жер учаскелері 2025 жылғы 15 қыркүектен бастап 2026 жылғы 15 қыркүйекке дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

**Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек**

**Астана қаласы әкімдігінің<br>2025 жылғы «04» 06<br>№ 510-1618 қаулысына<br>қосымша**

# Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесі

| Р/с № | Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі | Меншік иесі және жер пайдаланушы | Жер учаскесінің ауданы (ш.м.) | Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.) | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Құқығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. | 21-320-148-375 | «Кенада» ЖШС | 42499 | 4172 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 17-уч. | коммерциялық үй-жайлары мен паркингі бар тұрғын үй кешенін салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 26.08.2026 дейін |
| 2. | 21-320-102-293 | Фахрутдинова Эмина Бахтияровна | 600 | 144 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, «теміржолшы-1» бау-бақша серіктестігі, № 180 а учаскесі | Бағбандық | Жеке меншік |
| 3. | 21-320-104-332 | Айдарханова Сулушаш Айдархановна | 650 | 201 | Астана қ., Нұра ауданы, ПКСДУ Труд-2, Тимирязев к-сі, 103-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 4. | 21-320-135-5288 | «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы « АҚ | 4981 | 4964 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 24ю уч. | көпфункционалды туристік аудан салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 31.12.2026 дейін |
| 5. | 21-320-103-193 | Понамарева надежда Иннокентьевна | 862 | 161 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, «Рябинушка» а/о, 47-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 6. | 21-320-103-192 | Новаковская Дана Владимировна | 862 | 155 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, «Рябинушка» бау-бақша серіктестігі, Лысенко көшесі, №51 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 7. | 21-320-106-772 | Лесной Виктор Павлович, Блисковка Юлия Юрьевна, Лесная Владлена Викторовна | 590 | 169 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 62-уч. | Бағбандық | жалпы үлестік меншік |
| 8. | 21-320-106-957 | Байхарашева Сандугаш Рыскулбековна | 1138 | 123 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 128 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 9. | 21-320-106-810 | Сенюшкевич Ярослав Васильевич | 640 | 93 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 112 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 10. | 21-320-106-046 | Хасикова Лидия Ивановна | 631 | 210 | Астана қ., Нұра ауданы, КДСМК СУИТК, 36-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 11. | 21-320-135-5630 | « L U X O R . K Z COMPANY» ЖШС | 11744 | 361 | Астана қ., Нұра ауданы., Тұран даңғ., 55/16 уч. | 120 орындық мектепке дейінгі мекемесі, коммерциялық үй-жайлары және паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу | Жеке меншік |
| 12. | 21-320-104-325 | Шрайбман Валентина Григорьевна | 847 | 360 | Астана қ., Нұра ауданы, СУИТК Труд-2, 96 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 13. | 21-320-103-641 | Чунтонова Тамара Александровна | 892 | 139 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, «Рябинушка» б/с, 46-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 14. | 21-320-106-741 | Токарев Вадим Евгеньевич | 650 | 166 | Астана қаласы, Нұра ауданы, д/к 51, 19- уч | Бағбандық | Жеке меншік |
| 15. | 21-320-106-743 | Сарсенбаева Айман Назымбековна, Омырбековна Галина Галимовна | 660 | 169 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 21 уч. | Бағбандық | жалпы үлестік меншік |
| 16. | 21-320-106-815 | Лузгин Данил Сергеевич, Лузгина Татьяна Викторовна | 800 | 123 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 119 уч. | Бағбандық | ортақ бірлескен меншік |
| 17. | 21-320-106-101 | Васильев Игорь Владимирович | 642 | 215 | Астана қ., Нұра ауданы, КДСМК СУИТК, 40-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 18. | 21-320-106-027 | Гейко Александр Александрович | 637 | 206 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, КДСМК б/с, 38-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 19. | 21-320-106-058 | Умбетова Сапаркул Артыкбаевна | 648 | 225 | Астана қаласы «Есіл» ауданы, «КДСМК» бау-бақша серіктестігі, № 34 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 20. | 21-320-102-618 | Бочковская Татьяна Петровна | 730 | 29 | Астана қ., Нұра ауданы, Железнодорожник-1 СУИТК, 78-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 21. | 21-320-102-241 | Бейсеналиев Айбар Абаевич, Саменова Динара Айтбаевна | 840 | 502 | Астана қ., Нұра ауданы, Железнодорожник-1 СУИТК, 140-уч. | Бағбандық | ортақ бірлескен меншік |
| 22. | 21-320-102-349 | Заброда Александр Григорьевич | 800 | 150 | Астана қ., Нұра ауданы, Железнодорожник-1 СУИТК, 175-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 23. | 21-320-104-330 | Виноградов Александр Иванович | 990 | 346 | Астана қ., Нұра ауданы, Труд-2 СУМИТК, Тимирязев к-сі, 101-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 24. | 21-320-104-452 | Ахмет Айгуль Тулендиновна, Жарасбеков Бекзат Тлеужанович, Жарасбекова Асел Толеуовна | 760 | 249 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Труд-2 СУИТК, Набережная көшесі, 120 уч. | Бағбандық | жалпы үлестік меншік |
| 25. | 21-320-103-189 | Мельник Николай Никитович | 805 | 140 | Астана қаласы, Есіл ауданы, «Рябинушка» бау-бақша қоғамы, № 50 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 26. | 21-320-103-642 | Тундукпаев Султан Саидович, Тундукпаева Дана | 863 | 151 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Рябинушка б/қ, Лысенко көшесі, 52-уч. | Бағбандық | ортақ бірлескен меншік |
| 27. | 21-320-104-037 | Миямов Муса | 1227 | 257 | Астана қ., Нұра ауданы, Труд-59 СУИТК, Бродная көш., 60 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 28. | 21-320-106-233 | Савичева Ольга Викторовна | 950 | 173 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 Союзцелингаз ПМК, 8-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 29. | 21-320-106-739 | Лоцман Артем Владимирович, Лоцман Владимир Владимирович | 870 | 50 | Астана қаласы, Нұра ауданы, 51 б/қ, 16-уч. | Бағбандық | жалпы үлестік меншік |
| 30. | 21-320-106-740 | Мордовская Светлана Дмитриевна | 690 | 160 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №51 бау-бақша серіктестігі «Союзцелингаз» ПМК, № 17 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 31. | 21-320-135-4673 | «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы « АҚ | 51200 | 6627 | Астана қ., Нұра ауд., Шыңғыс Айтматов к-сі, 24/16 уч.. | көпфункционалды туристік аудан салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 31.12.2026 дейін |
| 32. | 21-320-106-774 | Досыбаев Мурат Кырыкбаевич, Елешева Куралай Кенесовна | 580 | 161 | Астана қ., Нұра ауданы, б/с №51 Союзцелингаз ПМК, 64-уч. | Бағбандық | ортақ бірлескен меншік |
| 33. | 21-320-106-283 | Ярмальчук Светлана Станиславовна | 900 | 183 | Астана қ., Нұра ауданы, б/с №51 Союзцелингаз ПМК, 67-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 34. | 21-320-106-812 | Исаева Молдир Шамкуловна | 610 | 126 | Астана қ., Нұра ауданы, б/с №51 Союзцелингаз ПМК, 114 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 35. | 21-320-102-427 | «PRIMUS TRADE» ЖШС | 853 | 8 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Железнодорожник-2 б/с, Западная көшесі, 131-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 36. | 21-320-102-345 | Солопов Виктор Григорьевич | 990 | 109 | Астана қ., Нұра ауданы, Железнодорожник-1 СУИТК, 175б уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 37. | 21-320-104-251 | Орымбасаров Кайрат Булатбекович, Курманалиева Салтанат Кайрулиевна | 800 | 149 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, «Труд-2» бау-бақша серіктестігі, № 97 уч. | Бағбандық | ортақ бірлескен меншік |
| 38. | 21-320-135-5290 | «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы « АҚ | 2397 | 2381 | Астана қ., Нұра ауд., Шыңғыс Айтматов к-сі, 24/10 уч. | көпфункционалды туристік аудан салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 31.12.2026 дейін |
| 39. | 21-320-104-243 | Тогусова Юлия Павловна | 733 | 250 | Астана қаласы «Есіл» ауданы, «Труд-2» бау-бақша серіктестігі, № 129 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 40. | 21-320-104-1366 | Джексенгалиева Анель Булатовна | 32 | 1 | Астана қ., Нұра ауданы, Труд-2 СУИТК, Центральная к-сі, 18/1 учаскесі | Бағбандық | Жеке меншік |
| 41. | 21-320-135-5412 | «Nomad Stroy Company» ЖШС | 2379 | 183 | Астана қ., Нұра ауд., Е 908 к-сі, 23а уч. | коммерциялық үй-жайлары мен паркингі бар тұрғын үй кешенін салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 15.02.2027 дейін |
| 42. | 21-320-135-6078 | «Astana Invest «қалалық инвестицияларды дамыту орталығы»ЖШС | 12755 | 99 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 36-уч. | кіріктірілген үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 31.12.2026 дейін |
| 43. | 21-320-106-735 | Досыбай Айлин М9рат0ызы | 870 | 164 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 10-уч. | Бағбандық | жалпы үлестік меншік |
| 44. | 21-320-106-745 | Доровко Алексей Александрович | 690 | 143 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 23-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 45. | 21-320-106-775 | Тайгарина Калдыгул Кадрбековна | 650 | 9 | Астана қ., Нұра ауданы, б/қ ПМК Союзцелингаз, 65-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 46. | 21-320-135-3895 | «Туран Сити» ЖШС | 11116 | 391 | Астана қ., Нұра ауданы, б/қ ПМК Союзцелингаз, 65-уч. | кіріктірілген үй-жайлары, паркингі және қонақ үй-ойын-сауық кешені және сауда үй-жайлары бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу және пайдалану | Жеке меншік |
| 47. | 21-320-148-378 | «Кенада» ЖШС | 101975 | 7027 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 13-уч. | коммерциялық үй-жайлары мен паркингі бар тұрғын үй кешенін салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 26.08.2026 дейін |
| 48. | 21-320-148-374 | «Кенада» ЖШС | 27283 | 2397 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 15- уч. | коммерциялық үй-жайлары мен паркингі бар тұрғын үй кешенін салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 26.08.2026 дейін |
| 49. | 21-320-148-077 | «АДМХ» ЖШС | 3998 | 5 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Е126 көшесі, 8 ғимарат | мейрамхана-қонақ үй кешенін пайдалану | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 17.05.2071 дейін |
| 50. | 21-320-148-368 | «Ansar Invest Company» ЖШС | 52807 | 931 | Астана қ., Нұра ауд., Е 429 к-сі, 22 уч. | кіріктірілген үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 13.10.2026 дейін |
| 51. | 21-320-103-169 | Войтович Анатолий Иванович | 891 | 153 | Астана қ., Нұра ауданы, Рябинушка б/қ, 41- уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 52. | 21-320-103-187 | Меновщикова Раиса Инокентьевна | 920 | 160 | Астана қ., Нұра ауданы, Рябинушка б/қ, Лысенко көшесі 48- уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 53. | 21-320-103-472 | Чегодаев Антон Валерьевич | 719 | 107 | Астана қ., Нұра ауданы, Рябинушка б/қ, Лысенко көшесі 55- уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 54. | 21-320-104-238 | КУАНЫШЕВА ЖАНАТ КУАНЫШЕВНА, АХМЕТОВ ГАЛЫМ МУКЕНОВИЧ | 1098 | 28 | Астана қ., Нұра ауданы, Труд-59 СУИТК, Лесная к-сі, 47-уч. | Бағбандық | ортақ бірлескен меншік |
| 55. | 21-320-106-732 | Касимова Ботакоз Рахметоллаевна | 800 | 104 | Астана қ., Нұра ауданы, б/с №51 Союзцелингаз ПМК, 6-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 56. | 21-320-106-136 | Токарев Станислав Дмитриевич | 990 | 179 | Астана қ., Нұра ауданы, б/с ПМК Союзцелингаз, 14-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 57. | 21-320-135-4580 | Участники Кондоминиума жилого дома № 37 по улице Қазыбек би | 13622 | 141 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Қазыбек Би көшесі, 37-үй | кіріктірілген үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу | жалпы үлестік меншік |
| 58. | 21-320-135-5151 | «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ | 8736 | 1055 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №24 көше (жобалық атауы), Тұран даңғылынан №102 көшеге дейінгі учаскеде (жобалық атауы) | көше құрылысы | уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (жалға алу). Мерзімі 15.09.2024 дейін |
| 59. | 21-320-106-769 | Серова Тамара Ивановна | 650 | 21 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с ПМК Союзцелингаз, 58 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 60. | 21-320-106-776 | Витвицкий Павел Иванович | 610 | 99 | Астана қ., Нұра ауданы, №66 б/с ПМК Союзцелингаз, 58 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 61. | 21-320-135-3980 | «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ | 23834 | 400 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Е 22 көшесі (жобалық атауы), Тұран даңғылынан Е 102 көшесіне дейінгі учаскеде (жобалық атауы) | Е 22 көшесін салу үшін (жобалық атауы) | уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (жалға алу). Мерзімі 20.11.2019 дейін |
| 62. | 21-320-102-166 | Попова Вера Ивановна | 1149 | 661 | Астана қаласы «Есіл» ауданы, Железнодорожник-1 б/с (ОТД.ЦЖД), уч. 22 | Бағбандық | Жеке меншік |
| 63. | 21-320-135-5289 | «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы « АҚ | 73793 | 23 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 24 / 30 уч. | көпфункционалды туристік аудан салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 31.12.2026 дейін |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 64. | 21-320-135-5292 | «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы « АҚ | 2755 | 2157 | Астана қ., Нұра ауд., Шыңғыс Айтматов к-сі, 24/27 уч. | көпфункционалды туристік аудан салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 31.12.2026 дейін |
| 65. | 21-320-135-5286 | «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы « АҚ | 4989 | 4968 | Астана қ., Нұра ауд., Шыңғыс Айтматов к-сі, 24/19 уч. | көпфункционалды туристік аудан салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 31.12.2026 дейін |
| 66. | 21-320-135-4768 | ТОО «Nomad Stroy Company» | 86705 | 6129 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Ұлы дала даңғылы ауданы | көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 02.06.2026 дейін |
| 67. | 21-320-103-469 | ТОО «Асыл-Нур Курылыс» | 968 | 163 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Рябинушка б/с, Лысенко көшесі, 44-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 68. | 21-320-103-198 | Бектуров Марат Рамазанович | 862 | 150 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Рябинушка б/с, Лысенко көшесі, 49-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 69. | 21-320-103-200 | Эсмаганбетов Феликс Аманкосович | 903 | 146 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Рябинушка б/с, Лысенко көшесі, 54-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 70. | 21-320-135-5944 | «DARIAN STROY» ЖШС | 4000 | 4000 | Астана қ., Нұра ауд., Е 908 к-сі, 24д уч. | аумақты абаттандыру үшін (қоршау және құрылыс құқығынсыз) | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 18.01.2028 дейін |
| 71. | 21-320-104-030 | Крысенко Степан Викторович | 943 | 171 | Астана қ., Нұра ауданы, Труд-59 СУИТК, Лесная көш., 56 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 72. | 21-320-106-737 | Токарева Галина Алексеевна | 850 | 168 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с ПМК Союзцелингаз, 12 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 73. | 21-320-106-813 | Бруско Галина Николаевна | 620 | 113 | Астана қаласы, Нұра ауданы, 51-үй, 116-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 74. | 21-320-106-232 | Оразбахов Самат Тажибаевич, Оразбахова Диана Убайдаевна | 607 | 102 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 117 уч. | Бағбандық | ортақ бірлескен меншік |
| 75. | 21-320-106-814 | Бегека Оксана Владимировна | 580 | 103 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 118 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 76. | 21-320-106-067 | Садыкова Агайша | 591 | 199 | Астана қ., Нұра ауданы, КДСМК СУИТК, 32-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 77. | 21-320-106-088 | Кузнецова Вера Васильевна | 691 | 220 | Астана қ., Нұра ауданы, КДСМК СУИТК, 30-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 78. | 21-320-135-6010 | « TUKA (ТУКА)» ЖШС | 23511 | 744 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 53в уч. | «А»класты сауда-ойын-сауық кешенін салу және пайдалану | Жеке меншік |
| 79. | 21-320-135-5984 | «Astana Invest «қалалық инвестицияларды дамыту орталығы»ЖШС | 45330 | 23 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Е 921 көшесі, 5-уч. | көпфункционалды туристік ауданның құрылысы | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 31.12.2026 дейін |
| 80. | 21-320-148-365 | «Prestige AST» ЖШС | 19218 | 979 | Астана қ., Нұра ауд., Е 429 к-сі, 20 уч. | коммерциялық үй-жайлары мен паркингі бар тұрғын үй кешенін салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 05.08.2026 дейін |
| 81. | 21-320-103-111 | Барышева Людмила Николаевна, Захаров Николай Николаевич | 1012 | 180 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Рябинушка ауылы, Лысенко көшесі, 39-УЧ. | Бағбандық | жалпы үлестік меншік |
| 82. | 21-320-135-5827 | «AJ INVEST GROUP» ЖШС | 18874 | 194 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Төле Би көшесі, 25/1 үй | кіріктірілген үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу және пайдалану | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 16.09.2026 дейін |
| 83. | 21-320-135-3192 | «Ак Дидар» ЖШС | 8027 | 265 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Қазыбек Би көшесі, 11а үй | кіріктірілген үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің бірінші кезегін салу және пайдалану (4-8 дақтар) | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 21.07.2023 дейін |
| 84. | 21-320-135-3251 | «BAZIS-A Corp.» ЖШС | 7767 | 275 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Е 102 көшесі «жобалық атауы), № 11 Б уч. | кіріктірілген үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенінің екінші кезегін салу және пайдалану (дақтар 9-13) | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 26.09.2027 дейін |
| 85. | 21-320-106-379 | Бабух лариса Викторовна | 710 | 11 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 110 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 86. | 21-320-106-111 | Кузнецова Вера Васильевна | 720 | 231 | Астана қ., Нұра ауданы, КДСМК СУИТК, 28-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 87. | 21-320-135-3614 | «Lior Corporation» / Лиор Корпорейшен / ЖШС | 1547 | 157 | Астана қ., Нұра ауданы, КДСМК СУИТК, 28-уч. | абаттандыру үшін аумақты кеңейтуді салу және пайдалану | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 01.09.2019 дейін |
| 88. | 21-320-148-386 | «Кенада» ЖШС | 59535 | 412 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 11-уч. | коммерциялық үй-жайлары мен паркингі бар тұрғын үй кешенін салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 12.08.2026 дейін |
| 89. | 21-320-148-376 | «Кенада» ЖШС | 48272 | 3123 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 11Д уч. | коммерциялық үй-жайлары мен паркингі бар тұрғын үй кешенін салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 26.08.2026 дейін |
| 90. | 21-320-102-196 | Байрамова Ирина Павловна | 800 | 263 | Астана қ., Нұра ауданы, СУИТК Железнодорожник-1, 82 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 91. | 21-320-102-290 | Макарушенко Любовь Николаевна, Старосельцев Александр Николаевич, Старосельцева Нина Петровна | 780 | 21 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, « Железнодорожник-1» бау-бақша серіктестігі, № 139 уч. | Бағбандық | жалпы үлестік меншік |
| 92. | 21-320-135-5293 | «Астана-Технополис» арнайы экономикалық аймағының Басқарушы компаниясы « АҚ | 4688 | 4687 | Астана қ., Нұра ауд., Шыңғыс Айтматов к-сі, 24/34 уч. | көпфункционалды туристік аудан салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 31.12.2026 дейін |
| 93. | 21-320-104-331 | Бекишева Орынбасар Каиркешовна | 660 | 198 | Астана қ., Нұра ауданы, СУИТК Труд-2, Трудовая к-сі, 102-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 94. | 21-320-135-5408 | «nomad stroy company» ЖШС | 6506 | 446 | Нұр-сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Ұлы дала даңғылы ауданы | коммерциялық үй-жайлары мен паркингі бар тұрғын үй кешенін салу | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 21.12.2026 дейін |
| 95. | 21-320-104-431 | Беркешева Алия Галымтаевна | 400 | 17 | Астана қаласы, Нұра ауданы, СУИТК Труд-2, Набережная көшесі, 117 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 96. | 21-320-104-038 | Миямова Муса | 1032 | 343 | Астана қ., Нұра ауданы, СУИТК Труд-59, Бродная көш., 59 уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 97. | 21-320-106-747 | Гамалий Марк Васильевич, Гамалий Анастасия Валерьевна | 610 | 10 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 25 уч. | Бағбандық | ортақ бірлескен меншік |
| 98. | 21-320-106-778 | Синчилова Татьяна Николаевна | 678 | 214 | Астана қ., Нұра ауданы, ПМК б/қ. Союзцелингаз, 69-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 99. | 21-320-106-265 | Бычин Евгений Анатольевич | 728 | 243 | Астана қ., Нұра ауданы, КДСМК СУИТК, 44-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 100. | 21-320-135-3615 | «Lior Corporation» / Лиор Корпорейшн/ ТОО «Лиор Корпорейшен» ЖШС | 1641 | 24 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 55 / 25 учаскесі | абаттандыру үшін аумақты кеңейтуді салу және пайдалану | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 01.09.2019 дейін |
| 101. | 21-320-135-3889 | «Туран Сити» ЖШС | 10326 | 365 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 55Е үй | кіріктірілген үй-жайлары, паркингі және қонақ үй-ойын-сауық кешені және сауда үй-жайлары бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін салу және пайдалану | Жеке меншік |
| 102. | 21-320-135-3507 | « Magnum Cash&Carry» ЖШС | 50898 | 3161 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 55Д ғимарат | сауда орталығын салу және пайдалану | Жеке меншік |
| 103. | 21-335-104-329 | Бекишева Орынбасар Каиркешовна | 750 | 193 | Астана қ., Нұра ауданы, СУИТК Труд-2, Тимирязев к-сі, 100-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 104. | 21-335-106-730 | Пантюхина Вера Николаевна | 890 | 6 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 4-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 105. | 21-335-103-236 | Швaликовский Виктор Иванович | 903 | 150 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Рябинушка б/қ, Лысенко көшесі, 43-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 106. | 21-335-103-190 | «Асыл-Нур Курылыс» ЖШС | 943 | 160 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Рябинушка б/қ, Лысенко көшесі, 45-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 107. | 21-335-106-049 | Ефименко евгения Александровна | 618 | 197 | Астана қ., Нұра ауданы, КДСМК СУИТК, 42-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 108. | 21-335-103-084 | «Асыл-Нур Курылыс» ЖШС | 1112 | 146 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Рябинушка б/қ, Лысенко көшесі, 40-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 109. | 21-335-103-172 | Гутник Галина Ивановна | 1054 | 172 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Рябинушка б/қ, Лысенко көшесі, 53-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 110. | 21-335-148-372 | Кенада ЖШС | 18940 | 2127 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 17/3 уч. | коммерциялық үй-жайлары мен паркингі бар тұрғын үй кешенін салу үшін | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 26.08.2026 дейін |
| 111. | 21-335-103-179 | Малов Максим Владимирович | 640 | 73 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Рябинушка ауылы, 56-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 112. | 21-335-135-5881 | «Алтын Саулет Астана» ЖШС | 12184 | 1 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Төле Би көшесі, 14-үй | кіріктірілген үй-жайлары, балабақшасы және паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін пайдалану | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 16.09.2026 дейін |
| 113. | 21-335-148-381 | «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану басқармасы» ММ | 889081 | 35477 | Астана қ., Нұра ауд., Е 429 к-сі, 2п уч. | табиғи парк салу | уақытша өтеусіз жер пайдалану (жалға алу). Мерзімі 03.03.2028 дейін |
| 114. | 21-335-148-440 | «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС | 12758 | 37 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 23-үй | кіріктірілген үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені (2-учаске) | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 22.11.2027 дейін |
| 115. | 21-335-135-6885 | «BI Kids Garden» ЖШС | 47607 | 3017 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 20-уч. | Паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін, балабақша салу | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 09.04.2030 дейін |
| 116. | 21-335-135-6895 | «BI Kids Garden» ЖШС | 32483 | 1741 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 18-уч. | Паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін, балабақша салу | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 09.04.2030 дейін |
| 117. | 21-335-135-6810 | «KZ-Building construction» ЖШС | 38311 | 100 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 14-уч. | Сауда-ойын-сауық орталығының құрылысы | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 30.01.2032 дейін |
| 118. | 21-335-135-6889 | «BI Kids Garden» ЖШС | 43687 | 2999 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 10-уч. | Паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін, балабақша салу | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 09.04.2030 дейін |
| 119. | 21-335-135-6888 | «BI Kids Garden» ЖШС | 50847 | 3152 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Е 909 көшесі, 33-уч. | Көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 09.04.2030 дейін |
| 120. | 21-320-106-152 | Лесная Светлана Викторовна | 580 | 159 | Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Газмашаппарат бау-бақша серіктестігі, союзцелингаз, СТ-51, № 60 уч. | Бағбандық | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 31.01.2012 дейін |
| 121. | 21-335-103-207 | Гучко Ирина Сергеевна | 880 | 150 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Рябинушка б/қ, Лысенко көшесі, 42-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 122. | 21-335-135-6257 | «Алтын Саулет Астана» ЖШС | 12701 | 1 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Төле Би көшесі, 12-үй | кіріктірілген көппәтерлі тұрғын үй кешенін пайдалану үй-жайлармен, балабақшамен және паркингпен | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 16.09.2026 дейін |
| 123. | 21-335-135-5883 | «Алтын Саулет Астана» ЖШС | 11204 | 126 | Астана қаласы, Нұра ауданы, Төле Би көшесі, 12/1 үй | кіріктірілген үй-жайлары, балабақшасы және паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін пайдалану | уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жерді пайдалану (жалға алу). Мерзімі 16.09.2026 дейін |
| 124. | 21-335-106-738 | Валянская елена Геннадьевна | 669 | 28 | Астана қ., Нұра ауданы, №51 б/с Союзцелингаз ПМК, 15- уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 125. | 21-335-103-1243 | Бекишева Орынбасар Каиркешовна | 433 | 91 | Астана қ., Нұра ауданы, Рябинушка а. о., Лысенко к-сі, 36-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 126. | 21-335-103-1247 | Бекишева Орынбасар Каиркешовна | 721 | 140 | Астана қ., Нұра ауданы, Рябинушка б/с., 37-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 127. | 21-335-103-1245 | Бекишева Орынбасар Каиркешовна | 545 | 136 | Астана қ., Нұра ауданы, Рябинушка б/с., 35-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |
| 128. | 21-335-103-1249 | Бекишева Орынбасар Каиркешовна | 853 | 160 | Астана қ., Нұра ауданы, Рябинушка а. о., Лысенко к-сі, 38-уч. | Бағбандық | Жеке меншік |

# АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТЕТІН ҰЙЫМДАРДЫ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ

Қазақстанда 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарды міндетті лицензиялау қолданылады.

Лицензиялаудың мақсаты – қызмет сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету, қауіпсіздікке кепілдік беру және қызмет алушылардың құқықтарын сақтау, меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдар үшін бірыңғай стандарттарды белгілеу.

Санитарлық және өртке қарсы нормаларға сәйкес ғимараттың болуы, сапалы қызмет көрсетуге арналған материалдық-техникалық базалар және білікті қызметкерлер құрамы, мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін ғимараттардың болуы лицензиялауға қойылатын талаптардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрімен 2024 жылғы 28 желтоқсанда бекітілген № 503 бұйрыққа сәйкес, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 28 маусымдағы №230 «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Лицензия алуға өтінім «Aleumet.egov.kz» әлеуметтік қызметтер порталы арқылы беріледі .

«Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге мемлекеттік көрсетілетін қызметіне лицензия беруді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті жүзеге асырады».

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшесі (Департамент) көрсетілетін қызметті алушының өтініш берген жері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін қарайды. Сондай-ақ Департамент Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 27 маусымдағы № 222 «Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге қойылатын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге қойылатын біліктілік талаптары мен құжаттар тізбесіне және олардың халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті алушыға бару арқылы қойылатын талаптарды тексереді.

Бүгінгі таңда Астана қаласы бойынша СОЦИУМ цифрлық платформасында тіркелген арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге лицензия алған 16 ұйым, оның ішінде 2 Ұйым арнайы әлеуметтік қызметтердің 2 түріне лицензия алды.

16 лицензия алған ұйымдардың ішінде мемлекеттік ұйымдар – 6, үкіметтік емес ұйымдар – 10, соның ішінде стационар жағдайында қызмет көрсететін ұйымдар – 3, жартылай стационар – 6, уақытша болу – 3 және үйде қызмет көрсету – 4.

Осылайша, стационар, жартылай стационар, уақытша болу, үйде қызмет көрсету жағдайларында арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

Сонымен, лицензиялау көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің сапасын және мүгедектігі бар адамдарды, көрсетілетін қызметті алушылардың өзге де санаттарын әлеуметтік оңалтудың тиімділігін арттыру үшін жағдайлар жасайды. Сондай-ақ осы саладағы бұзушылықтар санын азайтуға ықпал ететін болады.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, «Техникалық қызмет көрсету станциясы мен өндірістік базаны салу және пайдалану» объектісін орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды, мекенжайы: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Қамқалы тұйық көшесі, 20 үй (Қамқалы және С657 (жобалық атауы) көшелерінің қиылысы ауданында), тапсырыс беруші Аипов Асет Казкенович.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 11 шілдеде сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Suyunova.zh@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

# АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫН ЕМДЕУДЕГІ ЖАҒЫМСЫЗ ҚҰБЫЛЫСТАР

Заманауи медицинада қолданылатын әрбір антиретровирустық препарат АИТВ-инфекциясын емдеуге арналған препараттардың қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін жылдар бойы сынақтан өтеді және пайдасы ықтимал жанама әсерлерден болатын қауіптерден айтарлықтай асып кеткен кезде ғана қолдануға рұқсат етіледі. Жанама әсерлердің көпшілігі, әдетте, оңай өтіп, уақытша болады. Дегенмен жанама әсер адам өмірінің сапасы мен емдеудің бейілділігіне әсер етуі мүмкін, бірақ олар әрқашан байқала бермейді. АИТВ-инфекциясын емдейтін адамдардың көпшілігінде олар мүлдем болмайды, басқаларында жанама әсерлер емдеудің басында ғана пайда болып, содан кейін оның әсері азаяды немесе мүлдем байқалмайды. Бірақ бас ауруы, диарея, жүрек айну, құсу, бөртпе сияқты белгілер антиретровирустық препараттарды қабылдаумен байланысты болмауы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Болжалды жанама әсерлер туралы дәрігерге айту керек, себебін табу және жою. Жанама әсерлердің басым көпшілігі терапия басталғаннан кейін 4-6 аптадан кейін жоғалады. Осы кезең – «ағзаның жаңа дәрі-дәрмектерге бейімделу» кезеңі.

Ең қауіпті және қауіпті жанама әсері – **аллергиялық реакция**. Аллергия қаупі жоғары антиретровирустық препараттар құрамында абакавир (Зиаген және Кивекс пен Тризивир препараттарының комбинациясында) және этравирин (Интеленс) бар. Зерттеулер көрсеткендей, абакавирмен емдеуді бастаған адамдардың 8%-ында препаратқа аллергиялық реакция бар. Бұл кейбір адамдарда болатын HLA-B*5701 деп аталатын генге байланысты.

**Бауырдың уыттылығы:** емдеуді бастаған кезде невирапин қабылдаған адамдардың аз пайызында бауырға қатты әсер етуі мүмкін. Осы реакция белгілі бір генмен де байланысты. Қазіргі уақытта ҚР-да невирапин препараты қолданылмайды.

**Диарея:** әдетте емдеу басталғаннан кейінгі алғашқы 2-4 аптада өтеді. Диареяны бақылауға болатын әртүрлі дәрі-дәрмектер бар, мысалы, лоперамид (Имодиумның сауда атауы). Егер диарея проблемаға айналса, емдеу режимін өзгерту мүмкіндігін қарастырған жөн.

**Жүректің айнуы мен құсу:** әдетте емдеу басталғаннан кейін бір аптада қатты байқалады, содан кейін олар азаяды немесе толығымен жоғалады. Кейбір жағдайларда тамақтану режимін, күн ішінде аз мөлшерде тамақтануды өзгерту қажет; диетадан майлы, қуырылған немесе ащы тағамдарды алып тастаңыз, жеңіл, ащы емес тағамдарды таңдаңыз; жүрек айну сезімін тұзды тағамдармен азайтуға болады. Мысалы, тұзды печенье мен попкорн; тамақтанғаннан кейін бір сағат ішінде жатуға болмайды.

**Бас ауруы:** ықтимал жанама әсері: көптеген жағдайларда бас ауруы қатты байқалмайды және бірнеше аптадан бойында ем қабылдағаннан кейін азаяды немесе жоғалады.

**Ұйқы мәселесі:** Эфавиренз (Сустива немесе Стокрин), эмтрицитабин (Эмтрива) және тенофовир (Виреад) қабылдаған кезде байқалады. Әдетте, белгілер аздап байқалады және бірнеше аптадан кейін емдеуден кейін азаяды немесе жоғалады. Бірақ кейбір пациенттердің емдеу режимін өзгерту қажет болады.

**Жыныстық проблемалар** (оларды «жыныстық дисфункция» деп те атайды) – жыныстық қатынасқа деген қызығушылықтың жоғалуы және жыныстық функцияның төмендеуі түрінде көрінуі мүмкін (мысалы, оргазмның кешігуі, эрекцияға жете алмау және эрекцияны сақтау). Жыныстық дисфункцияның ықтимал себептері мазасыздық пен стресс, психикалық проблемалар (депрессия, нашақорлық және алкоголизм сияқты), әртүрлі аурулар мен қартаю. Эректильді дисфункцияны емдеуге арналған препараттар бар (Сиалис, Левитра және Виагра) олардың әрекеті жыныс мүшесіне қан ағымының жоғарылауына негізделген.

**Бүйрек мәселесі:** жоғары қан қысымы немесе қант диабеті бар адамдарда Тенофовир (Виреад, сонымен қатар Трувад пен Атрипллдің аралас таблеткалары түрінде болады) препаратын қабылдаған кезде бүйрек проблемаларының даму қаупі жоғарылайтыны дәлелденді. Сондықтан бүйрек жағдайын тексеру үшін үнемі зерттеу қажет.

**Метаболизмнің өзгеруі (метаболизм):** липидтер – холестерин мен триглицеридтер мен қандағы қант деңгейінің өзгеруі.

**Холестерол:** АИТВ-инфекциясы бар адамдарда жүрек ауруының жоғары қаупін көрсететін ЖТЛП-холестерин (жоғары тығыздықтағы липидтер) деңгейі жиі төмендейді. Егер ЖТЛП-холестерин (төмен тығыздық) деңгейі жоғарыласа және жоғары қан қысымы болса, жүрек ауруы, 45 жастан асқан, қант диабеті, темекі шегу де жүрек ауруының қаупін арттырады.

**Перифериялық нейропатия:** жүйке зақымдануы өте ауыр болуы мүмкін, жанама жеңіл шаншу мен ұйқышылдықтан бастап, тіпті шұлық киюді қиындататын ауырсынуға дейін. Перифериялық нейропатия АИТВ-инфекциясы бар адамдарға тағайындалатын басқа препараттардан да туындауы мүмкін (туберкулезге қарсы және Капоши саркомасын емдеуге арналған препараттар).

Кейде адамдар шынымен ауыр жанама әсерлерді сезінеді, бұл олар қабылдайтын дәрі-дәрмектердің АИТВ-ның әры қарай дамуына жол бермейтініне қарамастан, терапия режимін басқасына ауыстыруға мәжбүрлейді. Алайда жанама әсерлер кейінірек қолданылғанда қайталанбауы мүмкін. Осы немесе басқа да препаратты ішуді тоқтату өте қауіпті екенін есте ұстаған жөн!

Дәрігермен кеңеспей-ақ дәрі-дәрмектің мөлшерін азайту қауіпті! Ол аталған препаратқа, осы сыныптағы басқа препараттарға төзімділіктің дамуына әкелуі мүмкін.

**Г.НҰРҒОЖИНА,**
**Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК ннфекционист-дәрігер**



# АРХИВКЕ – АМАНАТ, ТАРИХТАН – ТАҒЫЛЫМ

Халықаралық архивтер апталығы аясында журналистика мен рухани мұра саласына сүбелі үлес қосқан белгілі тележурналист, марқұм Бейбіт Құсанбек пен «Архив саласының үздігі» Ғазиза Исаханның өнегелі өмір жолына арналған тағылымды іс-шара өтті.

«Тамыры тереңдеген тұлға» тақырыбымен өткен іс-шараның басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды насихаттау, елге еңбегі сіңген тұлғалардың өмір жолын жас ұрпаққа үлгі ету. Іс-шара аясында Ғазиза Исахан өзінің отбасының жеке архив қорын мемлекеттік қорға табыстады. Сондай-ақ келген қонақтар назарына «Ұлттық құндылықтарға ұласқан…» атты фотоқұжаттық көрме ұсынылды. Онда Бейбіт Құсанбек пен Ғазиза Исаханның өмірі мен еңбегіне қатысты отбасылық мұрағаттан алынған тың материалдар, жеке құжаттар мен жыр жинақтары қойылды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп Бейбіт Құсанбектің журналистикадағы жолын, елге сіңірген еңбегін айырықша атап, Бейбіт Құсанбектің елдік мұрат жолындағы ізденісі мен Ғазиза Исаханның архив саласындағы қажырлы еңбегіне кеңінен тоқталды.

Сөз кезегінде Ғазиза Тұрмағанбетқызы жары Бейбіт Құсанбектің шығармашылық мұрасы, отбасылық архивтің мән-маңызы туралы айтып өтті. «1989 жылдан бері Алматыдағы ҚР Орталық мемлекеттік архивінде қызмет еттім. Сол кезден бері жинақтаған мұрағаттарым мен Бейбіттің қолжазбалары, лекциялары, бейнематериалдарын Астана қаласының мемлекеттік архивіне табыстап отырмын. Бұл – өткенді қадірлеу әрі келешекке мирас қалдыру» деді ол.

Іс-шарада Астана қаласы мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин Ғазиза Исаханға алғыс хат пен естелік сыйлық табыстап, архивке қабылданған 300-ден астам құжаттың тарихи маңызын атап өтті. Оның ішінде жеке фотосуреттер, журналистика мен кино саласына қатысты материалдар, сирек кездесетін жазбалар бар. Сондай-ақ ол Ғазиза Исаханның «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында атқарған елеулі еңбегіне тоқталды. Атап айтқанда, Парижге арнайы барып, Мұстафа Шоқайдың жеке құжаттарын елге жеткізіп, мемлекеттік қорға өткізуі – архив саласындағы айтулы оқиға. Аталған құжаттардың арасында Мұстафа Шоқайдың өз қолымен жазған хаттары мен оған арналған жазбалар бар.

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының басшысы Жандос Бекділдаұлы Ғазиза Исаханға шапан жауып, құрмет көрсетті. Осылайша бұл тағылымды кездесу архив ісінің қоғамдағы рөлін, отбасылық шежіре мен тарихи жадыны сақтау мәдениетін дәріптеген маңызды іс-шара ретінде есте қалды.

**Актілек МЕРЕКЕ,**
**Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің студенті**

# ҰЛТТЫҚ ҰЛАН – ЕЛ АЙБЫНЫ

Елорданың Сарыарқа ауданында Ұлттық ұланның сарбаздарына арналған жаңа муралдың салтанатты ашылуы өтті.




Сәкен Сейфуллин көшесі, 9/1 мекенжайындағы үйдің қасбетіне салынған «Ұлттық ұлан – ел айбыны» муралында сақшылар бейнеленген.

Салтанатты ашылу рәсіміне Сарыарқа ауданы әкімдігінің өкілдері мен Ұлттық ұланның әскери қызметшілері қатысты.

Лента қию рәсімін өткізу құрметі елордалық №5573 бригаданың әскери қызметшілері Даниал Сәрсенғалиев пен Нұржан Жұмабекұлына тапсырылды.

Ерекше айта кетерлігі, патрульдеу кезінде Даниал көшеде ауырып қалған қыз балаға алғашқы медициналық көмек көрсетіп, сол арқылы оның өмірін сақтап қалған. Ал Нұржан астаналық сауда орталықтарының біріндегі өрттің алдын алған болатын.

«Бұл жас жігіттер – әскер қатарына шақырылғандар, өткен жылдың күзінде шақырылған, қызмет барысында өздерін абыроймен көрсете білді. Ұлттық ұлан жауынгерлері Қазақстанның барлық өңірінде, оның ішінде елордада күндіз-түні қызмет етіп, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, азаматтардың тыныштығын қорғап жүр. Сарыарқа ауданындағы жаңа муралдың ашылуының да өзіндік себебі бар. Бұл қаламыздың сәнін келтіреді. Ал ең бастысы, өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді күшейтеді» деді ҚР Ұлттық ұланының ардагері, запастағы полковник Қуаныш Қожахметов.

# ӘЛИХАН МАҚСҰТ АТЫНДАҒЫ КАБИНЕТ

Астана қаласы әкімдігінің №9 «Зерде» мамандандырылған лицейінде өмірден ерте өткен дарынды оқушы, физика мен робототехника саласынан халықаралық және республикалық пән олимпиадалары мен ғылыми жобалардың бірнеше дүркін жеңімпазы, жас ақын Әлихан Серікзатұлы Мақсұт атындағы физика кабинеті ашылды.

Кабинеттің ашылу салтанатына ҚР Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Майра Мелдебекова, Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржан Қайырбаева, №9 «Зерде» мамандандырылған лицейінің директоры Нұрбек Аманов, Әлиханның ата-анасы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің деканы Серікзат Дүйсенғазы, радиотехника, электроника және телекоммуникация кафедрасының аға оқытушысы Айнұр Тасболат, Әлиханның физика пәнінен мұғалімі, ардагер ұстаз Валя Қайсенова, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағының иегері Гүлнәзия Байұлова, №18 «Аяжан» балабақшасының меңгерушісі Ләззат Дүйсенғазина, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы Дулат Дүйсенғазин, мектеп мұғалімдері, Әлиханның сыныптас достары және лицейдің пән олимпиадалары мен ғылыми жобаларда жеңімпаз болған дарынды оқушылары қатысты.

Жиында сөз алған бірінші вице-министр Майра Тұрғанбайқызы Әлихан Мақсұт сияқты талантты оқушылардың ғылым мен білімге ұмтылысы, еңбекқорлығы және Қазақстанды технологиясы дамыған мықты елге айналдырсам деген отаншылдық арманы әрбір оқушыға үлгі болуы тиіс екендігін атап өтті. Жиында Әлихан Мақсұт атындағы олимпиадаға дайындық бұрышы таныстырылып, Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының демеушілігімен жарық көрген «Әлиханның арманы» кітабының тұсаукесері жасалды. Сонымен қатар, келген қонақтарға белгілі режиссер Мұрат Есжан түсірген «Әлиханның арманы» деректі фильмі көрсетіліп, лицейде ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың бастамасымен ашылған «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағының иегері Гүлнәзия Байұлова атындағы география кабинеті таныстырылды.




# ЖАСТАРДЫ БІРІКТІРГЕН «QAZAQTEAM»

Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен Жетісу саябағында «QazaqTeam» ұлттық және спорттық ойындардан спартакиада өтті.

Аталған іс-шараға ЖОО мен колледж студенттері, жастар ұйымдарының өкілдері және 100-ге жуық еріктіден құралған командалар қатысып, өзара бақ сынасты.

– «QazaqTeam» ұлттық және спорттық ойындары – еріктілер арасында ұйымшылдық пен достықты нығайтуға бағытталған ерекше жоба. Ойын бағдарламасында дәстүрлі ұлттық ойын түрлерінен бөлек, жастарға тән шығармашылық пен қызығушылыққа негізделген түрлі заманауи ойындар да ұсынылды. Бұл ойындардың кейбірі логикаға сәл келіңкіремегенімен, олардың мақсаты – көңіл көтеру, командалық рухты арттыру және жастардың белсенділігін ояту болды, – дейді астана жастары жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы Арайлым Сапарәлі.



Жалпы алғанда, «QazaqTeam» ойындары ұлттық құндылықтарды дәріптеумен қатар, заманауи форматтағы ойындарды ұтымды біріктіре отырып, еріктілер арасында жағымды эмоциялар мен есте қаларлық сәттер сыйлады.

– Бұл мен үшін тек жарыс емес, ерекше әсерге толы күн болды. Әсіресе су ішінен сақпымен түрлі түске боялған асықты шығару секілді ойындар ұнады. Бұл – асық ойынын заманауи форматта қызықты етіп бейімдеудің жақсы мысалы. Ұлттық дәстүрлерімізге жаңаша көзқараспен қараудың өзі ерекше шабыт береді. Кейбір ойындар тіпті күлкі шақырды, мысалы, волейбол добын нысанаға дәлдеп ату сияқты күтпеген тапсырмалар командалық жұмыс пен тапқырлықты талап етті. Бір қарағанда, бәрі ойға қонымды болмауы мүмкін, бірақ дәл осы ойындар арқылы біз бір-бірімізге жақындай түстік, ұжымдасып, шынайы көңіл көтердік.

Бір сөзбен айтқанда, Ұлттық ойындарды жаңа форматта көрсетудің өзі жастарға шабыт сыйлайды, – деп атап өтті ойын қатысушысы Аяна Ағылшын.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT
Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 68
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru
Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ